

Тасқала ауданы әкімінің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі № 11 "Тасқала ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімінің 2026 жылғы 18 маусымдағы № 6 шешімі

Тасқала ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тасқала ауданы әкімінің "Тасқала ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2020 жылғы 9 қыркүйектегі № 11 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6355 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес құрылған сайлау учаскелерінің реттік нөмірі 11-жол, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тасқала ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т. Шакиров

КЕЛІСІЛДІ:

Тасқала аудандық

аумақтық сайлау комиссиясы

Тасқала ауданы әкімінің
2026 жылғы маусымдағы
№ шешіміне қосымша

Тасқала ауданының аумағындағы сайлау учаскелері

№	Сайлау учаскелері	Сайлау учаскелерінің шекаралары	Орналасқан жері
11	335	Мереке ауылы, Қалмақ ауылы, Бубенец, Батырқұдық, Талдықұдық, Жайықбай, Қасым, Аққұс, Қауашай, Дөңбек, Карташов, Есенсай, Қарабөгет қыстақтары	Мереке ауылы, Абай көшесі, 2А, Тасқала ауданының әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Тасқала аудандық мәдени-демалыс орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының Мереке ауылдық мәдениет үйінің ғимараты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК